



АЙМАҚ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Куанишова Марина Алдабергенқызы,

Науай мемлекеттік университеті

Тілдер факультеті

Қазақ тілі мен әдебиеті бағыты

1 курс студенті

Ғылыми жетекші: Бердимуратова Лаззат Дүйсеновна
филология пәндері бойынша философия докторы (PhD)

АННОТАЦИЯ: Мақалада топонимдік атаулардың ұлттық негізде стандартталған нұсқасы – бір жағынан, халықаралық түрлі ресми құжаттар мен басты көздерде қолданысқа енгізуге негіз болса, екінші жағынан, мемлекетішілік айналымдағы атаулардың бірдейлестірілуіне, түрлі анықтағыш, карта өнімдерін құрастыруға, ұлттық қауіпсіздік ісінде, санақ жүргізуге, тасымалдау, білім беру және көптеген т.б. салалар үшін аса қажетті шара екендігі айтылады.

Кілт сөздер: топоним, аймақ, ороним, гидроним, ойконим, ұлыс, тайпа.

Kuanishova Marina Aldabergen qizi,

Navoiydavlat universiteti

Tillar fakulteti

Qozoq tili va adabiyoti

1-kurs talabasi

Ilmiy rahbar: Berdimuratova Lazzat Duysenovna
filologiya fanlari bo'yicha falsafa doktori (PhD)

ANNOTATSIYA: Maqolada toponimik nomlarning milliy asosda standartlashtirilgan varianti, bir tomondan, ularni turli xalqaro rasmiy hujjatlar va birlamchi manbalarda qo'llash uchun asos bo'lsa, ikkinchi tomondan, davlat



ichidagi muomaladagi nomlarni aniqlash, turli identifikatorlar va xarita mahsulotlarini tuzish, milliy xavfsizlik, transport va boshqa ko'plab sohalarda aholini ro'yxatga olish va boshqa sohalarda ajralmas chora ekanligi ta'kidlanadi.

Kalit so'zlar: *toponim, mintaqa, oronim, gidronim, oykonim, millat, qabila.*

Kuanishova Marina Aldabergen qizi,

Navoi State University

Faculty of Languages

Kazakh Language and Literature

1 course student

Research supervisor: Berdimuratova Lazzat Duisenovna

doctor of Philosophy (PhD)

ANNOTATION: The article argues that a standardized version of toponymic names on a national basis is, on the one hand, the basis for their use in various international official documents and primary sources, and on the other hand, it is an indispensable measure for the identification of names in intrastate circulation, the compilation of various identifiers and map products, national security, censuses, transportation, education, and many other areas.

Keywords: *toponym, region, oronym, hydronym, oikonym, nation, tribe.*

Кіріспе: Адамзат қоғамы қашанда өзін қоршаған дүние құбылыстарына атау бермей тіршілік етуі, әрі қарай ілгерілеп дамуы мүмкін емес. Әдетте жер-су атаулары қандай да бір адамдар қауымдастығының, этностардың қоғамдық, шаруашылық, тұрмыстық қажеттіліктеріне сай пайда болып, өшіп, өзгеріп, қайта жаңғырып отырады және сол қауым мүддесіне қызмет етеді. Алайда атаулар табиғи түрде пайда бола ма, әлде мақсатты түрде пайда бола ма, әлде мақсатты түрде жасанды жолмен дүниеге келе ме, одан оның басты қызметі мекенжайлық, бағдарлық қызметі өзгермейді.

Әдістер: Мақалада лексик-семантик, салыстырмалы-тарихи, этимологиялық талдау әдістерінен пайдаланылған.



Нәтижелер: Бұл аймақтағы атаулардың мына түрлерін ғана қамтыдық. Олар: тау атаулары (оронимдер), өзен, көл атаулары (гидронимдер), елді мекен аттары (ойконимдер), кісі аттарынан қойылған жер– су аттары (антропотопонимдер), ру, тайпа, ұлыс, халық аттарынан қойылған жер – су аттары (зоотопонимдер), өсімдік атауларынан қойылған жер – су аттары (фитотопонимдер).

1.Тау аттары ғылыми терминде оронимия (гр.ορογ « тау»+ουμα «ат,атау») деп аталады. Мен бұл мақаламда аймақтағы мына тау атауларын: Қаратау, Ақтау, Қазақтау, Арыстантау, Боқантау, Келіншектау, Оғызтау, Керегетау, Алтынтау, Амантайтау, Тамдытау, Жалпақтау, Шошақтау, Мұрынтау, Құлжықтау, Белтау, Мұрынтау, Бесапантау, Дәуқызтау, Жетімтау, Қорғантау, Балпантау, Бозтау, Күйіктау, Тоқты тау, Жалғыз тау, Санғұрын т.б мысалға келтірдім. Осыдан – ақ ұланғайыр далада тау аттарының мол екенін көреміз.

2.Өзен – көл, су аттары (ғылыми термин ретінде гидронимия) аймақта аз емес. «Сулы жер – нулы жер» деп халық текке айтпаған. Сар даланың төсінде кездесетін көл, өзен тармақтары, бастау, тұма, бұлақ атаулары өте көп: Айдаркөл, Соркөл, Ағытпа, Ләулікен көлі, Бесбұлақ, Мыңбұлақ, Тамдыбұлақ, Төсбұлақ, Қызылбұлақ, Жүзқұдық т.б. Ғалымдар еңбектерінде көрсетілген бұлақтар мен көл атауларына үңіле зер салсақ, олардың көбі ана тіліміздің төл, байырғы сөздерінен қойылғанына көзіміз жетеді. Мысалы: Ащы, Талды, Жыланды т.б.

Мұнан өзге Қызылқұмда кісі аттары мен ру, тайпа, халық аттарына қойылған құдықтар да аз емес. Олар: Ыспан құдық, Кенбай құдық, Маутан құдық, Қаңлы құдық т.б.

Ерте замандардан –ақ адамдардың суды қастерлеп, барлық тіршілігінің сумен байланысты болғанын ескерсек, өңірдегі елді мекендердің су жағалауларында салынғаны белгілі. Ата – бабаларымыздың жаз жайлауда су, бұлақ, құдықтарды сағалай қоныстанып, мал шаруашылығы мен егінжайдың да сумен байланысты болғаны, қазіргі жағдайда да осылай болып жатқаны таң



емес. Аймақтағы мыңға тарта бұлақ, құдықтардың тіршілік көзі болғанын анық көреміз.

3.Елді мекен атаулары (ойконимия). Елді мекендердің жиынтық атауы ғылыми терминмен ойконимия деп, жеке атау болса ойконим деп аталады. Елді мекен атаулары (ойконимия) ішінара: қала аттары (астионим), ауыл, қыстақ аттары (комоним), қала ішіндегі нысандар (урбаноним) болып бөлінеді. Уәлияттың Қызылқұм аймағына жататын үш аудан – Кенимех, Тамды, Үшқұдық болса, аудандық бағыныста екі поселка - Зарафшан, Зафарабад бар. Ауыл, қыстақ аттарының (комоним) саны да аз емес.

Бұл аймақтағы тұрақтар мен сілән, қалашықтардың салынуы ежелгі тұрғын ұлыс, тайпалар тарихымен тікелей байланысты. Қызылқұм аймағында археолог ғалымдар жүргізген зерттеулер нәтижесінде анықтаған ескі қоныс, мекен, қала аттары туралы деректерге тоқталып өтер болсақ, мына төмендегі жәйтті анық көреміз. Кенимех ауданының Құмрабат қыстағы, Чордара, Жалаулы тұрағын зерттеген археологтарымыз қазба жұмысы кезінде табылған бұйымдарды сараптау нәтижесінде олардың көне дәуірге тәндігін анықтады.

Қорытынды: Қандай ел болмасын оның өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер – су атаулары – топонимдері арқылы көрініс табады. Еліміздің жер – су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Осы себепті де еліміздің басынан өткен «сан қилы» заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына байланысты да жер- су атауларын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арапбаев Е. Қызылқұмдағы топонимдер мен олардың этимологиясы. – Тошкент: “САННОФ”, 2022. – 320 б.
2. Хасанов Х. Ўрта Осиё жой номлари тарихидан. – Тошкент: Фан, 1963. – Б. 19
3. Мамыров Д. Кенимех (Кенимех қысқаша тарихи очерк және деректер). Кенимех: 2003. – 170 б.



4. Мустафаев Ж., Нарзуллаев У., Бердимуратова Л., Сафаров З. Конимех тумани кеча ва бугун. Тошкент: “SAHHOF”, 2021. – 355 б.
5. Qorayev S. Toponimika. – Toshkent: O‘zbekiston faylasuflari milliy jamiyati nashriyoti, 2006. – 320 b.